

Ж.З.Кадина, М.Ш.Қабанов, Б.С.Сатеева

*Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті
(E-mail: kadina_71@mail.ru)*

Толғау поэтикасының ерекшелігі

Поэтикалық мәтіннің прозадан өзгеше түсер жері ретінде сыйыстыру құбылысы да нақты дәлелденген жайт. Бұл ерекшелік жыраулар поэзиясының мәтіндерінен жиі кездеседі. Мақалада сөзді ықшамдап, ойды кенейту үшін жыраулар ыңғайлас құрылымдардан тұратын сыйыстырылған периодтардың молдығына, нақты айтсақ, толғаулардың көбінде оқиға, пікір, түрткі себептерді санамалап келіп, әр тармаққа түйін болар сөзді толғау соңында бір-ақ айтқан жерлеріне тоқталған. Авторлар келтірген мысалдар негізінде толғауларда сыйыстыру (ықшамдау) бар дегенге тоқтам жасайды.

Кілт сөздер: синтаксистік құрылыс, ырғақ, өлшем, сыйыстыру, жырау, үнемдеу, ықшамдау.

Поэзияның синтаксистік құрылысына тікелей әсер ететін ырғақ, өлшем талаптары бар. Осы талап негізінде өлеңді сөздің мәтінінде прозалық туындылардан өзге түсер өрнектер пайда болып жатады. Үнемдеу құбылысы осы өзгешеліктің бірі. Олар — поэзиялық шығармалардың мәтнінде ғана жүзеге асып, сол туындының айшықты өрнегі бола алатын тілдік амал.

Тіл білімінде «тілдік үнемдеу (лингвистическая экономия)» термині жайлы Э.Д.Розенталь мен М.А.Теленковалардың сөздігінде былай делінген: «В подобных случаях «экономия» противостоит «избыточности» и имеет свое материальное выражение. Однако и в тех случаях, когда используемые языковые средства в количественном отношении остаются без изменения, но появляются удобные готовые модели, устойчивые сочетания, более совершенные унифицированные формы и т. п., можно говорить о лингвистической экономии» [1].

Бұл амалды «үнемдеу заңы» деп те жалпылауға болады. Оған қатысты ғалым Б.Сағындықұлы: «Біздің байқауымызша, үнемдеу құбылысы тілдің бүкіл жүйесін — фонетиканы да, лексиканы да, морфологияны да, синтаксисті де қамтиды. Алайда бұл заңдылық тіл білімінде әр түрлі терминдермен аталып жүр. Мысалы, ол фонетикада «элизия», «апакопа», «гаплоглогия» деп аталса, лексикада «метонимия», морфологияда — «сіңісу», «кіріккен сөздер», синтаксисте — «эллипсис», «толымсыз сөйлемдер», — дейді де, осы терминдердің барлығының басын қосып, «үнемдеу заңы» деп атауды құп көрген [2].

Ал зерттеуші Ж.Баймұрыновтың қазақ тіліндегі үнемдеу құбылысына байланысты жазған кандидаттық диссертациясында үнемдеу құбылысының психологиялық сипаты терең ашыла түскен [3].

Үнемдеу құбылысы — көркем туындылардағы ерекше ықпалды тәсілдің бірі. Ғалым Қ.Өмірәлиев ықшамдау құбылысының пайда болу, даму жолына байланысты төменгідей тұжырым жасайды: «Негізінен, сөздердің ықшамдау процесі тілдің эволюциялық даму, қалыптасу барысында күрделіден оңайға қарай ұмтылу әрекетінен пайда болады. Ықшамдау заңдылығының ауызекі тілге тән екендігін ескерсек, егер бұндай ықшамдалған тұлғалар жиі қолданылатын болса, бірте-бірте әдеби нормаға ене бастайды. Сонымен, ықшамдау заңдылығына ұшырайтын тілдік бірліктер, біріншіден, жоғары жиіліктегі көп қолданылатын тілдік бірліктер, екіншіден, алдымен ауызекі сөйлеу тілінде пайда болып, кейіннен қолданыс нәтижесінде біртіндеп тілдік нормаға ене бастайды» [4].

Өз кезегінде бұлар да көркем шығармалар мәтіні көтере алатын құбылысқа айналады. Сондықтан ықшамдау амалы көбіне өлеңді туындының аясында қолданатын тәсіл ретінде танылады.

Ықшамдау құбылысы синтаксистік мәселе болғандықтан, бұлар біздің де қарастырмақ нысанымызға айналады. Бұл тәсілдің негізгі әрі орамдысы — сыйыстыру. Осы турасында белгілі ғалым Р.Сыздықова: «Өлеңнің синтаксистік құрлымының прозадағыдан айырмашылығының бірі де — ықшамдау (үнемдеу) принципінде. Бұл процесі тудыратын мотивтер де әр алуан, олардың ішіндегі бастысы – белгілі бір айтылмақ ойды (не бөлшегін) өлеңнің белгілі бір бөлігіне (айталық, бір немесе екі тармағына) сыйғызу болады, яғни өлшем талабы, одан кейінгі ұйқас талабы, бұдан соңғы стильдік талаптар. Ықшамдаудың амалдары және сан алуан. Синтаксис саласындағы ықшамдаудың бір түріне, біздіңше, сыйыстыру тәсілі жатады. Ол өлеңге де, қара сөзге де тән» [5], — дейді.

Профессор Т.Қордабаев бұл мәселеге өзінің «Тарихи синтаксис мәселелері» атты ғылыми еңбегінде: «Поэзия синтаксисінің тағы бір ерекшелігі — ондағы сөйлемдердің, синтаксистік

элементтердің орналасуы, сыйысуы жағынан да, олардың көлемі, саны жағынан да күрделі болып келуінде» [6; 187], — деп назар аудартады.

Аталған ғалым поэзиялық туындылар мәтініндегі құрмаластардың осындай түзілісін заңдылық деп таниды: «Проза синтаксисінде сөйлемнің ең күрделі, жайылыңқы, көлемді түрлерінің бірінен саналатын көп бағыныңқылы сабақтастардың өздерінде де екі-үштен артық бағыныңқы компонент келе бермейді. Бағыныңқы компонент саны одан арта қалса, айтуға да, түсінуге де көп қиыншылық келтіреді. Ал жыр түрінде берілген өлеңдерде бірнеше компоненттердің бір басынқыға жетектеліп айтылуы — заңды құбылыс» [6].

Ал бірнеше бағыныңқылы құрмалас сөйлемнің жай сөйлемге айналу мүмкіншілігінің мүлдем жоқ екенін айта отырып: «Поэзияда өте орынды, үйлесімді етіп бір ғана сөйлемге сыйғызып берілген пікірді, ойды прозада ондай синтаксистік бөлшектің құрамына сыйғызып беруге тіпті мүмкін болмайды, немесе беріле қалған күнде де оның құрылысы мейлінше күрделеніп, ұғымы ауырлап тұрады» [6; 140], — дегенді аңғартады.

Өлеңді шығарма болғандықтан, сыйыстыру тәсілі толғаулар мәтіндерінде де орын алады және олардың бойынан біраз көлемде табылып жатады. Толғаулардағы сыйыстыру бір басынқыға бағындырылған бірнеше бағыныңқы түрінде сипатталады. Бұларды бағыныңқылар баяндауыштарының қосымшаларының түрлеріне қарай бөлгенді құп көреміз.

Міне, бұндай сыйыстыру түрін, яғни көсемше жұрнақты түрмен келген бағыныңқы сөйлемдердің топтасып бір басынқыға бағынуын, ерекше атауымызға болады.

Р.Сыздықова көсемшенің сыйыстыру амалына қатысты: «Сыйыстыру амалы көсемше тұлғаларын пайдалану арқылы жүзеге асырылатыны мәлім. Мағыналас бірнеше сөйлемнің алғашқыларының баяндауышын **-ып** жұрнақты көсемшемен беріп, оларды бір құрмалас сөйлем ішіне сыйыстыруды қазақ синтаксисі жиі қолданады» [5], — деп көрсеткен.

Ақтамберді жыраудың «Күлдір-күлдір кісінетіп» деп басталатын толғауында бұл қосымшалы бағыныңқы сыңарлар тобы мол кездеседі. Тіптен, сол толғаудың көп бөлігі бағыныңқы компоненттері **-ып** көсемшелі сөйлемдер сыйыстырылған құрмалас сөйлемдерден тұратынын айтуға болады:

*Ағарып атқан таңдай деп,
Шолтанды шыққан күндей деп,
Май қаңбақта ағалардың
Майданда дабыл қақтырып,
Ерлердің жолын аштырып,
Атасы басқа қалмақты
Жұртынан шауып бастырып,
Түйедегі наршасын,
Әлпештеген ханшасын
Ат артына мінгізіп,
Тегін бір олжа қылар ма екеміз!* [7; 122].

Ал Үмбетей жыраудың «Бәкеге» деген толғауында көсемше баяндауышты бағыныңқы сөйлемдердің әрқайсысы бір-бір тармақ көлемінде орналасқан:

*Тоқымы кеппей топтанып,
Ел тануға аттанып,
Жылқышысын дойырлап,
Жылқыларын сойырлап,
Көріші жұртты шулатып,
Жаудай шаппақ не сұмдық!* [7; 127].

Екі толғаудан берілген жолдардағы сыйыстыру тәсіліндегі бағыныңқы сөйлемдер тізбегін жасауға ортақ бір негіз себеп болған. Ол — ойдың динамикасын күшейту мақсаты (осы тұста Абайдың «Жаз» өлеңі туралы айтылатын ғылыми пікірлер еске түседі). Бұл тақырыптық идеяның толғаулар бойында бір басынқыға бағындырылған сөйлемдер жасауға көсемшенің **-ып** қосымшасының өте қолайлы екенін мына фактілер де айқын дәлелдей түседі.

Доспанбет жырау:

*Күректей мұзды тоңдырып,
Кірмембес суыр қолға бас болып,*

*Күңіреніп күн түбіне жортқанмын ...
 Ағарып атқан таңдай деп,
 Шолпанды шыққан күндей деп,
 Май қаңбақта ағалардың аты жусап жатыр деп,
 Ақ шаңдақты құрып қойған шатыр деп,
 Жазы да көп жортқан екенбіз
 Арғымақтың талдай мойнын талдырып,
 Үйде қалған арудың
 Ақ иіндігі аударып [7; 69].*

Бұқар жырау:

*Арыстанының барында
 Жорғасы болса мінісіп,
 Торқасы болса киісіп,
 Толғамалы қамшы қолға алып,
 Толғай да толғай дәурен сұрмес пе [8; 16].*

Жалпы, бұл қосымшамен келіп бір басыңқыға бағындырылған бағыныңқы қатар көптеп кездеседі. Оның өзіндік себебі де бар. Ол қимыл-сын бағыныңқылы тармақтардың үстемеленіп лек-легімен келу қабілетінде жатыр. Нақты айтсақ, іс-әрекет, қимылдың бірінен соң бірі үздіксіз болуынан.

Тегі, бағыныңқылардың арасынан қимыл-сын бағыныңқысының осындай қолданысқа икемді екені — заңды құбылыс. Қимылдың сынын, қалай жүзеге асқанын білдіретін жолдардың үздіксіз берілуі ырғаққа да, өлшемге де, стильге де қолайлы. Орыс тіл білімінде бұл сияқты түзілімдерді (ыңғайлас құрылымдар жарыса беріліп, соңынан қорытынды жасалатын түзілімдер) «период» деп атайды.

Мұндай түзілімдер А.Байтұрсынұлының «өрнекті сөйлемдерімен» үйлеседі: «Өрнекті сөйлемдер деп сөйлемдердің бастары қосылып, кестелі болып құралуын айтамыз. Ондай сөйлемдер нақ текеметке, яки кілемге, салған түр сияқты болғанмен, өрнек-өрнегімен айтылады. Өрнекті сөйлемді айтқанда, дауыс көтеріліп, төмендеп, әнше оралып, қайырылып отырады. Сондықтан өрнекті сөйлем оралым (яки шұбыртпа) деп аталады. Оралым екі мүшелі болады. Бір мүшесінде пікір тақырыбы болады да, екіншісінде пікір баяны болады. Сондықтан бастапқы тақырыпшы мүше делініп, екіншісі баяншы мүше делініп айтылады. Өрнекті сөйлемді иіріп-жиырып, жай сөйлемге айналдыруға болады. Жай сөйлемді жайып, далитып, өрнекті сөйлемге айналдыруға болады. Өйткені өрнекті сөйлем қанша үлкен болғанмен, бәріне қазық болатын бас пікір жалғыз-ақ болады» [9; 373].

Сөйтіп, мұндай құрылымдар толғаулардың жанрлық ерекшелігі тұрғысынан қарағанда өзгеше бір фигура жасайды.

Көсемшенің болымсыздық мағыналы **-й** қосымшалы баяндауыштар да осындай тізбек жасай алады. Мұнда бұл бағыныңқылар қимыл әрекеттің сипатын берген. Әсіресе ерлік мазмұнды толғаулардың бойында болымсыздық мағынадағы **-й** жұрнақты бағыныңқылы сөйлемдер тізбектеліп келіп, сол күйімен бір басыңқыға бағындырылған жерлерін жиі байқауға болады. Мұндағы тармақтар қатарының дүркінділігінің де орнын ерекше атай кетуге болады. Соның салдарынан туындының ұйқас қатары, ырғақ толқыны күшейе түскен.

Шалкиіз жырау:

*Тау аралап жол салмай,
 Тас аралап құс салмай,
 Арқанының бауырын қыдырмай,
 Арғымақ ару атылар арытпай,
 Жат жерлерге бармай өзін танытпай,
 Өзден болмай би болмай,
 Атаның батыр туған ұлына
 Ойда жатымақ ұсар ма! [7; 89].*

Үмбетей жырау:

*Жалғызбын деп шошымай,
 Еш малышға қосылмай,
 Қара жерге отырмай,
 Күніңді салып астыңа,
 Жең жастанып басыңа,*

*Қол-аяғың төрт жақта,
Жатушы едің сол шақта,
Ұмыттың ба соны, Абылай! [7; 132].*

Бұқар жырау:

*Ел шетіне жау келсе,
Өтініп оны ала алмай,
Алдына келген жақсының
Қадірін оның біле алмай,
Қадір-құрмет қыла алмай,
Артында қалған жамандар
Бас-басына тозбас па... [8; 16].*

Нормативті синтаксис бойынша, **-май, -мей** құранды жұрнағы шартты бағыныңқылы сабақтас жасалуының өнімді тәсілі болып есептеледі. Ал жыраулар поэзиясының синтаксистік құрылысына қарай отырып, біз оның толғауларда қимыл-сын бағыныңқы сабақтасты да жиі жасайтынын байқаймыз. Жыраулар өз шығармаларында болымсыздықтың өзін істің орындалуының амалы қылып отырады.

Бағыныңқылы бөліктегі баяндауыштар жатыс жалғаулы есімшеден болған етістік тұлғалы болып, әрі сол тізбекті түрде бір басыңқыға бағындырылған түрін байқасақ, ең алдымен, А.Байтұрсынұлының мына бір пікіріне ден қоямыз: «Өрнекті сөйлемнің тақырыпшы мүшесіндегі пікір баяншы пікірге тіркес мағынада болғанда, жалғасыңқы оралым деп аталады:

*Тоғыз айға толғанда,
Шамалы күн болғанда,
Кіші жұма өткенде,
Ұлы жұма жеткенде,
Боз кемпірді қозғалтты,
Ыңырантты, толғантты (Ерсайын) [9].*

Осы құрылымды бірыңғай бағыныңқылы қатар толғаулар бойынан да кездеседі. Іс-әрекет, қимылдың жүзеге асқан, болған мезгілін білдіретін бағыныңқылардың осындай құрылыммен келген тұстары көп.

Асан қайғы:

*Ахыретке барғанда,
Хақ қасында тұрғанда
Қыдырдың өзі болғай жарыңыз! [7; 65].*

Үмбетей жырау:

*Жиырма жасың толғанда,
Алғашқы бақты тапқанда,
Шырыштың басын қаққанда,
Қанжығаңа бас байлап,
Жау қашты деп айғайлап,
Абылайлап шапқанда
Ұмыттың ба соны, Абылай! [7; 133].*

Бұл құрмалас сөйлем осы бөлікке бір топталады да, мұндай сипатты ерекшелік сол толғаудың келесі бір бөліктерін де қамтиды:

*Қалдан ханның әскері
Іздеп сені әрі-бері
Қапыда ұстап алғанда,
Алып барып Тәшкенде
Көр зынданға салғанда,
Елің қыран қалғанда,
Тоқсан жақсы үш жүзден
Сені сұрай барғанда... [7; 133].*

*Анау бір жыл атанған
Әскерді қырғыз қырғанда,
Басынан оба қылғанда,*

*Ол хабарды ел біліп
Көзіңнің жасын көл қылып,
Қысылған әскер басының
Қасына барып тұрғанда,
Ақ боз атты шалғанда,
Мойныңа кісен салғанда,
Бабай түкті шапты Абыз
Содан бата алғанда,
Тілеуің қабыл болғанын
Басыңа қыдыр қонғанын
Ұмыттың ба соны, Абылай! [7; 135].*

Бұқар жырау:

*Мейманасың толғанда,
Уақытың болғанда,
Қарашың кетер қасыңнан [8; 46].*

Мұнда да белгілі бір оқиғаның болған кезін үстемелеп беруде не ерекшелік бар деген ой туары хақ. Автор ол қатар арқылы басқа оқиғаларды қосалқы суреттей алады, әрі бір идеяның шығу себептерінің көптігін білдіреді.

Толғаудың **-ғанда, -генде** формасы арқылы жасалған тармақтарында әр мезгілдік сипат үдемелете дамыту болғанмен, бұл параллелизм тұйықталып, ой бір логикалық тиянақ тапқанда статикалық жай-күйді байқауға болады.

Жыраулар шығармашылығындағы шартты мәнде келген сөйлемдердің маңызы ерекше. Олар өздері қатыстырылған мәтін жолдарының мазмұнын аша түседі. Сондықтан да түйдектеліп келген жырау туындысының тікелей әсерінен болатын сыйыстыру амалының ендігі бір түрін жасаудағы шартты рай формасының ықпалын көре аламыз. Бұған бағыныңқы бөліктегі баяндауыштардың шартты рай **-са, -се** қосымшасымен келген құрмалас сөйлемдер жатады.

Доспанбет жырау:

*Екі арыстап жау шапса,
Оқ қылқандай шанышылса,
Қан жусандай егілсе,
Аққан судай төгілсе,
Бетегелі сары арқаның бойында
Соғысып өлген өкінбес [7; 67].*

Ақтамберді жырау:

*Ел шетіне жау келсе,
Алдыңа, сірә, дау келсе,
Батырсынған жігіттің,
Күшін сонда сынаса,
Баласы өсіп жетпесе,
Сөзі көпке өтпесе,
Жал құйрықсыз жалғыздар
Олай-бұлай боп кетсе
Әкесі сорлы қор болар [7; 106].*

Контекстке байланысты алғанда **-са, -се** қосымшасы шартты бағыныңқылы сабақтасқа тән, бірақ жыраулар шығармаларындағы кездесетін жолдарда бұл қосымша мезгіл бағыныңқылы сабақтас жасауға икем қолданылады.

Шалкііз жырау:

*Жығылғанды тұрғызсаң,
Жылағанды уатсаң,
Қисайғанды түзетсең
Тәңірінің үйі бәйтолла
Сұлтан иелі, қарсы алдында жасапты! [7; 83].*

Бұқар жырау:

*Сүйтіп жүрген кезінде,
Алғырынан айрылса,*

*Қанаты түптеп қайрылса,
Құс жаманы жапалақ
Оған да қор болмас па [8; 16].*

Жоғарыда толғаулардан берілген жолдарда шарттық мағына айқын көрініп тұр, яғни іздеудің шарты берілген. Дей тұрсақ та, ой жіберіп оқыған адам немесе мәтінді түсіну құзыреті жоғары адам бұл үзіндінің құрастырушы сыңарлардың арасынан мезгілдік қатынасты да байқаған болар еді. Жоғарыдағы тармақтар іздеу әрекетінің шартымен бірге қашан іздеу керектігін де нұсқап тұр.

Бәлкім, мұнда психикалық себеп бар. Психология ғылымынан мәлім болғандай, іс-әрекет теориясы бойынша әрекеттің орындалуының шарты психикалық үрдістің кезеңі мезгілі жағынан оның орындалуынан бұрын тұрады, яғни мезгілдік қатынастар шартпен қапталдасып отырады. Сондықтан да тілді қажетті прагматикалық деңгейде меңгерген тілдік тұлға (жырау) мезгілдік мағынаны шартқа «сіңіріп» жіберген.

Сондай-ақ **-да, -де** шылаулы шартты рай тұлғалалы етістікпен келген баяндауышты бірнеше бағыныңқы сөйлемдер сыйыстырылуын Бұқар жыраудың мына толғауынан кездестіреміз:

*Әлемді түгел көрсе де,
Алтын үйге кірсе де,
Аспанда жұлдыз аралап,
Ай нұрын ұстап мінсе де,
Қызыққа тоймас адамзат!
Әлемді түгел білсе де,
Қызығын қолмен бөлсе де,
Қызықты күні қырындап,
Қисынсыз күйге түссе де,
Өмірге тоймас адамзат! [8; 175].*

Мұнда адам баласының қандай жағдайда болсын өмірдегі бар қызыққа тоймайтынын беру үшін бірнеше қатармен келген қарсылықты мәндегі сөйлемдер легі қолданылған.

Поэзия мәтіндерінде құрмалас сөйлемдер бағыныңқы компоненттерінің қатысуымен жүзеге асқан сыйыстыру амалын осыдан көре аламыз. Олар өздері қатыстырылған жолдардың ерекше сипатын осылайша көрсетіп тұрады. Сондай-ақ құрмалас сөйлем басыңқы сыңарларының жыраулар туындылары ішіндегі аталмыш ерекшелікке барған орамын да байқауға болады. Осы жерде А.К.Таусоғарованың: «Енді осы құрылысқа кері процесс сабақтас құрмалас сөйлемде басыңқы сыңардың бірнешеуі бір ғана бағыныңқымен синтаксистік-композициялық қатынаста тұратынын көреміз» [10], — деген пікірін бере кеткенді жөн көрдік.

Олардың бұл реттегі сипатын басыңқы компоненттер баяндауышының тұлғасы тұрғысынан сөз етеміз. Толғауларда көбіне басыңқы сыңар баяндауыштары есімшенің болжалдық мәнді қосымшасымен келіп сыйыстырылуы кездеседі. Бұл толғау жанрының негізгі мазмұнынан келіп туындайтын жайт десе де болғандай.

Шалкиіз жырау:

*Менім ием Темір іс етсе,
Айналаңды берік етер.
Жиган малың тәрік етер,
Атың, тоның бұлды етер,
Өз басыңды олжа етер [7; 76].*

Бұқар жырау:

*Жетпіс бес жасқа келгенде,
Жылуы болмас қойынның,
Қаруы болмас сойылдың,
Өлмесең де жойылдың,
Әр атаққа қойылдың.
Сексен бес жасқа келгенде,
Екі қара көзді алар,
Ауыздағы сөзді алар
Бойыңдағы әлді алар,
Бетіңдегі нұрды алар,
Бойыңдағы шырды алар,*

*Аузыңдағы тісті алар,
Бетіңдегі түсті алар,
Өлмегенде нең қалар!* [8; 36].

Көріп отырғанымыздай, бұл амал басыңқы бөліктегі баяндауыштың қайталануы арқылы жүзеге асып тұр. Демек, мұнда автор басыңқы сыңардағы баяндауыш мүшені қайталау арқылы мәтін желісіндегі ойды кеңейтіп, дамытады. Нәтижесінде мәтіндегі түйдекті ойды береді. Бұдан бұл сөйлем мүшесінің өздері қатыстырылған мәтін көлеміндегі кең ауқымды қызмет аясын байқай аламыз.

Бұқар жыраудың «Кеше қара қалмақ бүлінді» деп басталатын толғауында түсіндірмелі салалас құрмаластың басыңқы сыңар баяндауыштары жедел өткен шақтың қосымшасы арқылы қатар тізбектеліп сыйыстырылады:

*Кеше қара қалмақ бүлінді,
Бүлінгеннің белгісі;
Бұрқан-талқан болысты,
Уағдадан жылысты,
Жамандықты іздесті,
Бірін-бірі күндесті* [8; 23].

Келтірілген үш толғаудың алдыңғы екеуінде есімше қосымшалы баяндауыштар қайталанған. Ал соңғысында жедел өткен шақ қосымшасы әр түрлі негізгі етістікке жалғанып басыңқы сыңардың әуезі мен ырғағын жасап тұрғанын көре аламыз. Бұл сыйыстыру түрі іс-әрекет, қимылдың түйдекті, лек-легімен берілуіне байланысты болатынына нақты дәлел.

Мұндай конструкцияны қазіргі грамматикада көп басыңқылы сабақтасқа жатқызып жүр [2; 12]. Біз мұны толғау жанрындағы ерекше бір синтаксистік көркем фигура деп қарауға мүдделіміз. Өйткені басыңқылардың арасында салаластық қатынас болғандықтан, мұндай түзілімдер сабақтас пен салаластық қатынастардың қатар тоғысуы арқылы жасалған аралас құрмаластың заңдылықтарына келеді.

Осылайша, біз құрмалас сөйлемдер сыңарларының өлең жолдарында кездесетін бір ерекшелігін көре алдық. Бұлар ұйқас, ырғақ жасау мақсатымен қоса хабарды түйдекті жеткізумен де тығыз байланысты.

Поэзияның прозадан өзгеше түсер жері ретінде сыйыстыру құбылысын атауға болады. Сөзді ықшамдап, ойды кеңейту үшін жыраулар ыңғайлас құрылымдардан тұратын сыйыстырылған периодтарды молынан қолданады, тіпті, толғаулардың көбінде оқиға, пікір, түрткі себептерді санамалап келіп, әр тармаққа түйін болар сөзді толғау соңында бір-ақ айтады. Толғауларда сыйыстыру (ықшамдау) бар деуімізге де осы жайт себеп болып отыр.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Розенталь Д.Э., Теленкова М.А. Словарь-справочник лингвистических терминов. — М.: ООО «Издательство Астрель»; ООО «Издательство АСТ», 2001. — С. 611–613.
- 2 Сағындықұлы Б. Тең дәрежедегі қатынастағы тілдік бірліктер: Филол. ғыл. д-ры ... автореф. — Алматы, 2004.
- 3 Баймұрынов Ж.М. Қазақ тілі синтаксистік құрылысындағы үнемдеу құбылыстары: Филол. ғыл. канд. ... дис. — Астана, 2009. — 131 б.
- 4 Өмірәлиев Қ. XIX–XX ғасырлардағы қазақ поэзиясының тілі. — Алматы: Ғылым, 1976. — 20-б.
- 5 Сыздықова Р. Абай өлеңдерінің синтаксистік құрылысы. — Алматы: Ғылым, 1970. — 140-б.
- 6 Қордабаев Т. Тарихи синтаксис мәселелері. — Алматы: Ана тілі, 1965. — 244 б.
- 7 Алдаспан: XV–XVII ғасырлардағы қазақ ақын, жырауларының шығармалар жин. — Алматы: Жазушы, 1971. — 210 б.
- 8 Бұқар жырау Қалқаманұлы шығармалары. — Алматы: Мұраттас, 1992. — 206 б.
- 9 Байтұрсынұлы А. Ақ жол: Өлеңдер мен тәржімелер, публ. мақалалар және әдеби зерттеу. — Алматы: Жалын, 1991. — 336–377-б.
- 10 Таусоғарова А.К. Өлең мәтінінің синтаксистік ерекшеліктері. — Алматы: Жазушы, 2004. — 140-б.

Ж.З.Кадина, М.Ш.Қабанов, Б.С.Сатеева

Особенности поэтики толгау

Поэтические и прозаические тексты отличаются друг от друга по многим параметрам. Эти параметры характерны и для поэтических текстов толгау. В статье рассмотрен один из способов компрессии поэтического текста — использование в структуре сложноподчиненных предложений множества придаточных частей, относящихся к одной основной части предложения.

Zh.Z.Kadina, M.Sh.Kabanov, B.S.Sateeva

Features of poetics tolgau

Poetic and prosaic texts differ from each other in many ways. These parameters are characteristic of poetic texts tolgau. The article discusses one of the ways of compression of the poetic text — the use of the structure loginoptions offer many accessory parts relating one, the rest of the sentence.

References

- 1 Rosental' D.E., Telenkova M.A. *Dictionary of linguistic terms*, Moscow: OPA «Publ. Astrel», LLC AST Publ. house, 2001, p. 611–613.
- 2 Sagyndykuly B. *Linguistic units in the equal treatment*: Abstract of the doctor of Philology dis., Almaty, 2004.
- 3 Baimirynov Zh.M. *Aulnaies thrift sinteticheskome the structure of the Kazakh language*: Abstract of cand. of Philology dis., Astana, 2009, 131 p.
- 4 Omiraliev K. *Kazakh poetry of XIX–XX centuries*, Almaty: Gylym, 1976, p. 20.
- 5 Syzdykova R. *Syntactic construction Abay's poem*, Almaty: Gylym, 1970, p. 140.
- 6 Kordabaev T. *Problems of historical syntax*, Almaty: Ana tili, 1965, p. 244.
- 7 Aldaspan: The XV–XVII century collection of works of the Kazakh akyns and Zhyrau, Almaty: Zhazushy, 1971, p. 210.
- 8 Piece Bukar Zhirau Kalkamanuly, Almaty: Murattas, 1992, p. 206.
- 9 Baitursynuly A. *White way: Verse and translations*, publ, articles and literary study, Almaty: Zhaly, 1991, p. 336–377.
- 10 Tausogarova A.K. *Syntactic features of the text poem*, Almaty: Zhazushy, 2004, p. 140.